



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 35/679  
28 августа 2020 года

# Вестник

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІМЕН! С ДНЕМ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

### Қымбатты әріптестер, қала тұрғындары!

Сіздерді тәуелсіз ел тарихындағы ең басты мерекесінің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясының 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазіргі кезеңдегі қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың конституциялық нормалары – бүкіл Қазақстан халқы үшін сенімді болашақты қамтамасыз ететін дәйекті даму мен жаңғыру үдерістерінің негізі!

Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы. Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

#### Қадірменді қала тұрғындары!

Сіздерді атаулы мерекемен тағы да шын жүректен құттықтай отырып, әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ, отбасыларыңызға амандық тілейміз.

#### Құрметпен,

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков

### Уважаемые коллеги, жители города!

От всей души поздравляем вас с одним из главных праздников в истории страны – 25-летием Конституции Республики Казахстан!

Конституционные нормы общественного и государственного строительства на современном этапе - основа процессов последовательного развития и модернизации, обеспечивающих надежное будущее для всего народа Казахстана!

Благодаря этому, Казахстан сегодня занимает достойное место в международном сообществе.

Каждый гражданин глубоко осознает значимость Конституции не только для государства и общества, но и лично для себя и своей семьи.

#### Дорогие жители города!

От всей души поздравляем вас с этим знаменательным праздником! Желаем вам крепкого здоровья, благополучия и процветания в каждой семье.

#### С уважением,

Аким города

Секретарь маслихата

Қ.Камзин

Б. Сәрсембеков



### Құрметті қала тұрғындары!

Баршаңызды келе жатқан тәуелсіз ел тарихындағы ең басты мерекенің бірі - Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ғасырлар тоғысында әлемдік өркениеттің шыңына ұмтылған Қазақстан халқы осыдан 25 жыл бұрын тарихи да тағдырлы шешім қабылдап, мемлекетіміздің құқықтық негізін айқындаған Ата Заңымызды қабылдануы үшін бірауыздан дауыс беріп, жасампаз жаңа дәуірге қадам басты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы шын мәнінде еліміздің көркеюінің күре тамыры болып табылып, тәуелсіздіктің баянды болуының негізін қалады. Конституция – мызғымас мемлекетіміздің алтын қазығы. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келе-шегіміздің кепілі!

Осы жылдар ішінде біз аумақтық

тұтастығымызды, қоғам бірлігін, тұрақтылықты сақтай алдық. Конституция еліміздегі саяси, әкімшілік, экономикалық-әлеуметтік және құқықтық реформалардың жүзеге асуына негіз бола алады.

Жалпы еліміздің заңдар тарихына көз жүгіртетін болсақ ойымызға бірден «Жеті жарғы» оралады. Бұл Тәуке ханның, Төле, Қазыбек, Әйтекедей дана билердің заманында дүниеге келген дала Конституциясы болатын. Қазақ елі қашан да ел арасында бір ауыздан болу қағидасын ұстанып, Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Әз тәукенің «Жеті жарғысын» басшылыққа алып ортақ заңға бас иіп отырған. Елімізді мекендеген ұлттар мен ұлыстар бейбіт өмір қағидасын берік ұстанған және өз елін, жерін қорғауда ерекше ерлік танытып келген. Одан беріде елімізде Тәуелсіздік таңы атқанға дейінгі тынысы өз заманына қарай түрлі заңдық құрылымдардан өтті.

Осылайша егемендіктің ақ таңы атып көк байрағымыз желбіреген күн келді. Осы

кезеңде біздің халқымыз тағы да көрегендігін даналығын көрсете білді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жанынан топтаса отырып, 1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда конституцияны қабылдауға дауыс бердік. Конституция мемлекеттік құрылымның негізгі ұстандырын анықтады және содан бастап тәуелсіз еліміздің дамуындағы жаңа кезең басталды.

Ата Заңымыз бір арнаға тоғыстырылған, қағидалары тұжырымдалған тарихи құжат болды.

Елімізде бейбітшілік, тәуелсіздік, тұрақтылық орнады. Еліміздің барлық азаматтарына ұлтына, дініне, нәсіліне, жынысына, жасына бөлместен бірдей құқық берілді. Қазақ халқының әлем қауымдастығы алдында беделі өсіп, абыройы асқақтады. Бүгінде Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет, өркениетті қоғам құру жолында өз бағытын берік ұстанып келеді.

Сондықтан біз осындай бірлігімізді сақтай отырып, ұланғайыр байтақ даланы ақ

білектің күшімен қорғап қалған батыр бабаларымыздың асқақ аманатына адал болуымыз керек. Олар елі азат, жері тұтас қуатты мемлекет құруды, жерұйықта ғұмыр кешуді аңсады. Осы арманды ақиқатқа айналдыру бақыты біздің ұрпаққа бұйырды. Елімізді әлемнің маңдайалды мемлекеттерінің қатарына қосып, қарқынды дамытып, Қазақстанды қарыштап өркендете беру - біздің кастерлі де қасиетті борышымыз деп санауымыз керек!

Еліміз үшін ең кастерлі де, ұлық мереке Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдық мерейтойы құтты болсын! Тамыры «Жеті жарғыдан» тартылған Ата заңымыздың айбыны асқақтай берсін! Осынау мәні терең, мерейлі мерекемен құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, ел болашағы мен халық игілігі жолындағы мақсатты істеріңізге сәттілік тілеймін.

Қармысова Ж.К.,  
Приозерск қаласының ардагерлер  
кеңесінің төрағасы

Кез келген мемлекеттің, елдің тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айқындайтын негізгі құжат – Конституция.

Онда мемлекеттің барлық құрылымдарының, жеке азаматтардың, ұлт пен ұлыстардың, әлеуметтік топтардың мақсаттары, міндеттері, құқықтары көрсетіледі. Қазақстанның Ата заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің іргесін нығайтудағы қарышты қадамдардың қалыптасуы мен жаңа жүйенің орнығуына, саясат сахнасында Қазақстан Республикасының қанат жаюы жолындағы бірден-бір бастаушы заң, серпінді сенім, әділет жолын көрсетер айшықты құжат. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстан Республикасының Конституциясы әлемдегі жалпы-адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі болып саналады екен.

1993-жылғы алғаш қабылданған Конституцияның мәні мен маңызына келер болсақ, Негізгі құжат Президенттің көрсеткен мақсаты бойынша төрт мәселеге жауап беруі тиіс. Бірінші, мемлекеттік билікті басқарудың барлық жүйесін нығайту, екінші, экономикалық реформаны жүргізе отырып, елді сол кездегі терең дағдарыстан шығару, үшін-

## АТА ЗАҢ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕШІЛІ

ші, жас мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыру, төртінші, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бұл төрт мақсатты шешіп беретін баптар алғашқы Конституцияда қамтылмады. Уақыт өте келе, заман ағымына, сұранысына қарай, алғашқы Конституциямыздың кей-бір тұстары нарықтық қоғамдағы өзгерістерге сәйкес болмай шықты. Сондықтан, екі жыл өткен соң 1995-жылдың 30 тамызында қазіргі Негізгі Заң – Конституция қабылданды. Бұл Конституциямыздың басты авторы Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Қазіргі Конституцияны талқылау кезінде еліміздегі беделді заңгерлерден бөлек, Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, осы елдің Мемлекеттік Кеңесінің мүшелері, Ресей зерттеу орталығының ең беделді заңгерлері жобалық жұмыстың жоғары талқылау шараларына атсалысқан болатын. Тағы да бір ескеретін жайт, тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген Негізгі заң да осы – 1995-жылы қабылданған Конституция. Қазір келтіріп жүрген мәліметтерге сүйенсек, құжатты талқылауға 3 млн. 345 мың адам қатысыпты.

Бізді бұл күнге дейін жеткізген ұмытылмас оқиғалар – ел қорғау соғыстары, ұлт-

азаттық көтерілістер, қандай ауыртпалықты да көтере білген, жасмайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын табандылығы өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуы қажет. Бұл еркіндік сүйгіш, патриоттық дәстүр 16-желтоқсан оқиғаларына дейін жалғасты. Осылайша Тәуелсіздік күннің оңайлықпен келмегені білеміз. Елбасымыз өткен дәуірдегі қаһармандық оқиғалардың тізбегін Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арнаған сөзінде: «Ұлы далада бірінен соң бірі толас таппай жүріп жатқан 200-ге тарта көтерілістер эстафетасы, біздің бүгінгі тәуелсіздігіміздің бастау көздері» деп бағалаған болатын. Елдің біртұтастығы мен тыныштығын сақтауға бар өмірін сарп еткен хан-сұлтандар мен батырларын тарихқа өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлғалар ретінде күні бүгінге дейін бізге жеткізді. Бұл қасиетті шежіре бүгінгі буын арқылы келер ұрпақтың бойынан жастайынан сіңірілетін баға жетпес игілік. Осы өнегені, елжандылық, отансүйгіштік дәстүрді жастардың бойына дарыта отырып, патриоттық рухта тәрбиелеу – бүгінгі таңда әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы.

Қазіргі Ата Заңымыздың басты ерекшелігін айта кететін болсақ, ол туралы Парламент Мәжілісінің депутаты Алдан Смайыл

Елбасымыздың төрт ұстанымында жатқандығын алға тартады. Ол төрт ұстаным: бірінші, қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, екінші, экономикалық даму, үшінші, қазақстандық патриотизм, төртінші, маңызды мәселерге референдум жасау және Парламентте дауыс беру арқылы шешу. Конституция мемлекетіміздің тарихи дамуының негізгі ретінде ғана танылып қоймай, ол барлық заңдардың бастауы болып табылады. Жаңа қабылданған Қазақстан Республикасының Ата Заңы біздің еліміздің дамуына жол ашып, жаңа тәуелсіз мемлекет буынының бекуіне себеп болды. Президент лауазымына үлкен міндеттер мен жауапкершілік жүктелді.

Біздің міндетіміз Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Конституцияны қатан ұстану. Басты талап – Ата Заңымыз, Конституцияны құрметтеп қорғау, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Ата Заңымыз жарқын болашаққа апартын айқын жолымыз, арқа сүйер асқар тауымыз, ардағымыз, айбарымыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ







## КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ БОЙЫНША ШІКІРЛЕР ОТЗЫВЫ КО ДНЮ КОНСТИТУЦИИ



Елімізде, Ата Заңымыз - Конституцияның 25 - жылдық мерейтойы аталып өтпекші. Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекіткен Ата Заңымыз - Конституцияға биыл 25 жыл толып отыр.

1995 жылы 30 тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өтіп, оған сайлаушылардың 90,58 пайызы қатысқан болатын. Олардың 89,14 пайызы жаңа Конституцияның қабылдануын қолдады. 1998 және 2007 жылдары ҚР Конституциясына елеулі өзгерістер енгізілді. «30 тамыз Қазақстан халқы біртұтас таңдау жасаған ұлы бетбұрыс күні болып саналады. Біз осыдан 25 жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда Ата заңымызды қабылдадық. Ескі мен жаңа тоқайласқан алмағайып кезеңде халқымыз барша әлемге бірлігі мен дана-лығын көрсетті». «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып осы Конституцияны қабылдаймыз» - деп басталатын Қазақстан Республикасының Конституциясы 9 тараудан, 98 баптан тұрады. Конституция - мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады. Ол мемлекеттік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерді орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады. Бұл Тәуелсіз Қазақстанның қабылдаған екінші Конституциясы. Алғашқы Конституция 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын.

Қазақстанның Ата заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады. Әрине, тарих ауқымынан алып қарағанда, 25 жыл аз ғана мерзім. Десе де, осындай алмағайып заманда Қазақстанның Ата заңы ауыттың сынынан сүрінбей өтті, өзінің заман талабына лайықтығын жан-жақты дәлелдеді. Ал көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның қатарында тұр делінген. Қазақ хандығының заманында да ұлан-ғайыр ел мен жерді билеген заң-жарғылар болған. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Әз Тәуекенің жеті жарғысы, билер заңы бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Қазіргі Тәуелсіз еліміздің, Ата заңымыздың арқасында бүкіл дүниеге атымыз мәшһүр болып жатыр. Конституция күні - еліміздің ең ұлық мерекелерінің бірі.

Осы күнге орай Қазақстан халқын келе жатқан Ата заң күнімен шын жүректен құттықтаймын! Хақымызға береке-бірлік, ырыс пен ынтымақ тілеймін! Ел аман, жұрт тыныш болсын!

**Балтышев Ерік Таткенұлы,**  
қалалық мәслихат депутаты

\*\*\*


Бүгінде ғаламтор арқылы дүние жүзінде қандай жаңалықтар болып жатқанын опонай бақылап отырсың. Соның ішінде кейбір елдердегі жағанды ұстап, жаныңды ауыртатын жайларға да жолығасың. Тіпті, ондай көріністер көптеген елдерде орын алып жатқанын байқағанда өз еліміздің бейбіт өміріне шүкірлік етесің. Ал, сол еліміздегі бейбітшілік пен татулықтың негізгі тетігін ұстап тұрған біздің тұңғыр биік Ата Заңымыз десек болады.

Елдің көз алдында, 1991 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Заң қабылданды. Одан кейін,

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұсынып, оны Қазақстан халқы 1995 жылы 30 тамыздағы Респубикалық референдумда бір ауыздан мақұлдады. Конституция Президент лауазымына үлкен міндеттер мен зор жауапкершілік жүктеді. Ата Заңда атап көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының Президенті - халықтар бірлігі мен ынтымақтастығы, азаматтар және адамдар құқығы мен бостандықтарының нақты кепілі.

Ал, Ата Заңда еліміздің ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп анық көрсетілген. Яғни, біздің елімізде қандайда бір қылмыс жасалса да кейбір елдердегідей қатыгездік пен аяусыздыққа жол берілмейді. Барлығы Заң шеңберінде шешіліп, тіпті оның да құқықтары қорғалады. Ал, кейбір елдерде тірі жәндікке қимайтын жауыздықты ел алдында жасап жатқанын көріп, жанымыз ауырады. Осы кезде еліміздің Ата Заңына тағы бір мәрте құрмет көрсетіп, еліміздің Тұңғыш Президентіне ризашылығымызды білдіреміз. Өйткені біздің еліміз құқықты мемлекет.

Шынымен де бүгінгі Ата заңымыздың басты ерекшелігі қандай? Қоғам қайраткерлерінің сөзіне сүйенсек мұны Елбасы ұсынысымен енгізілген төрт ұстанымға, біріншіден - қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, екіншіден - экономикалық даму, үшіншіден - қазақстандық патриотизм, төртіншіден - маңызды мәселелерге референдум жасау және Парламентте дауыс беру арқылы шешу



принциптерімен негіздейді. Ата Заңымыздың бірінші бабына енгізілген осы төрт мәселе арқылы Қазақстанның жан-жақты дамуына жол ашылған.

Қалай десек те, 25 жыл ішінде Ата Заңымыз егемен еліміздің дамуына даңғыл жол салып, елдің бетке алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып, демократиялық жолмен даму бағытын айқындап, нәтижесінде бүгінгі жеткен жетістіктеріміздің баршасы Конституциямыздың тиімділігінің арқасы екеніне көз жетіп отыр.

Иә, ендеше әрбір азамат бейбіт елдің алтын арқауы - Ата Заңымыздың талаптары бұлжытпай орындаса алар асуымыз әркезде биік, Мәңгілік Елдің тұңғыр бекем, шаңырағы берекелі болары сөзсіз. Барша Қазақстан халқына Ата Заңымыздың 25 жылдық мерейтойы құтты болсын!!!

**Қарабалаев Талғат Алимджанович,**  
қалалық мәслихат депутаты, «Ер-тай»  
ЖШС тау-кен өндіру фабрикасының  
директоры

\*\*\*

Биылғы жылы еліміз Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын атап өтуде. Осынау жиырма бес жылдық кезеңде тәуелсіз Қазақстанның Ата Заңы еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде іргесін бекітіп, адам мен азамат және қоғам мен мемлекет арасындағы күрделі әрі аумалы-төкпелі уақыт кезеңінде саяси-құқықтық реттеу тұрғысынан өте үлкен тарихи міндет пен миссия атқарды - деп нық айта аламыз.

Осы тұрғыдан тәуелсіз Қазақстанның Конституциясы XXI ғасырға қадамбасқан Қазақ елінің тәуелсіздіктен кейінгі алға басып, дамып өркендеуі тұрғысынан көптеген аса маңызды саяси-құқықтық әрі тарихи міндеттің үдесінен шыға білді.

Біріншіден, Қазақстан Конституциясы Қазақ елінің мемлекеттілігінің қалыптасуының, қалыптасып қана қоймай оның нығайтып, кемелденуіне мүмкіндік беретін саяси-

құқықтық миссия атқарды деп нық сеніммен айтуға болады. Қазақстан Конституциясы 25 жылдың ішінде тарихтан алған бай елдік және мемлекеттік дәстүрдің арқасында жылдам түрде қазіргі заманғы Қазақ мемлекеттілігінің іргесін, негізін қалады.

Екіншіден, Конституция елдегі ұлтаралық, конфессияаралық татулық пен Қазақстандық бейбітшіліктің нық орнығуының саяси-құқықтық алғышартын орнатып, осы мақсатта үлкен миссия атқарды және атқаруда Конституция нормаларының этносаралық қатынастарды саяси-құқықтық тұрғыдан асқан көрегенділікпен реттеуінің арқасында еліміз аса мазасыз саналатын географиялық кеңістікте орналасқандығына қарамастан бейне бір Орталық Азияның тұрақтылық пен бейбітшілік аралына айнала білді. Тұрақтылықтың Конституциялық негізі дұрыс қаланғандықтан еліміз осынысымен әлемнің көптеген елдеріне этносаралық татулық пен келісімді қамтамасыз етуде үлгі-өнеге болатын елге айналды.

Үшіншіден, Конституция Қазақстанның демократиялық дамуының алғышартын қалыптастырып, осынау қалтарысы мен бұлтарысы көп, алайда дамудың ең тиімді деп саналатын даңғыл жолына асқан байыптылықпен барып түсудің құқықтық алғышартын қалап берді. Бүгінде қоғамда берік демократиялық толеранттық мәдениет пен мықты мемлекеттік жүйе, белгілі бір экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізбеген елдерде демократия дамудың емес, керісінше

тұрақсыздық пен қантөгістің себебі болып отыр. Осы тұрғыдан Елбасының жылдар бойы «алдымен экономика сосын саясат» немесе қоғамда этносаралық татулық пен келісімнің мызғымас берік негіздерін орнықтырып барып, демократияны өзектен өткізуге деген саяси ерік-жігерін де парасатты әрі көреген ұстаным ретінде бағалау қажет.

Төртіншіден, Конституция Қазақстанда құқықтық мемлекеттің қалыптасуының алғышарты мен негізін қалап берді. Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстанда Ата Заңның аясында мыңдаған заңдар мен нормативтік-актілер қабылданып, оны жүзеге асуына бақылау жасайтын Сот жүйесі мен құқық қорғау органдары барынша жетіліп, кемелдене түсті. Нәтижесінде, Қазақстан құқықтық мемлекет қалыптастыруда орасан үлкен жолды басып өтіп, бүгінде бірте-бірте құқықтық үстемдігінен егізделген мемлекет болу жолында алға қарай нық қадам басуда.

Бесіншіден, Конституция адам құқықтары мен бостандықтарының басты кепілі болып қана оймай, Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың заңдық механизмінің алыптасуына да алғышарт қалыптастырып берді. Еліміз адам құқықтарын қорғау, оның өрескел бұзылуына жол бермеу мақсатында әлемде жыл өткен сайын алға жылжу үстінде. Қазақстанның ұлттық заңнамасы да, Сот жүйесі де жыл сайын кемелдене отырып, адам құқықтарын қорғауды барынша кемелдендіру үстінде.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, Ата Заң Қазақ мемлекеттілігінің іргесін бекітіп, оның қарыштап дамуына мүмкіндік беріп отыр. Бүгінгі өркениетті елдерде құқықтық мемлекеттілік даму мен өркениеттіліктің басты көрсеткіші ретінде пайымдалатындығын ескерер болсақ, елімізде дамыған құқықтық мемлекеттіліктің бүгінгі жеткен биігі де, болашақта бағындырар белестері де Конституциямыздың саяси-құқықтық әлеуетімен тығыз байланысты болмақ.

**Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы,**  
«Nur Otan» партиясының Приозерск  
қалалық филиалы төрағасының бірінші  
орынбасары, қалалық мәслихат  
депутаты

\*\*\*

**В канун двадцати пяти летия Конституции мы можем однозначно утверждать, что наша Конституция состоялась, она имеет огромный политико-правовой потенциал. Конституция стала действительно Основным Законом независимого государства нашей Родины – Республики Казахстан.**

В нормах Конституции получили отражение масштабные общественные преобразования, происходящие в стране, социальные процессы, связанные с совершенствованием государственной политической организации общества в период утверждения суверенитета, преобразованием экономики, повышением эффективности обеспечения прав человека и гражданина. Они создают прочную нормативную базу социальных изменений и юридически обеспечивают их необходимость, стимулируют процессы реформирования в стране. Значимость Конституции проявляется в том, что она занимает особое место в правовой системе современного демократического государства и является одним из необходимых признаков правового государства.

Наличие конституции – обязательное условие законности, правопорядка и стабильности институтов власти. Конституция регулирует общественные отношения, связанные с функционированием государственной власти, обеспечением прав и свобод граждан, а также с устройством государства и формой правления, устанавливает наиболее важные нормы и принципы, которые затем детализируются в различных формах правового регулирования. Основной Закон Республики Казахстан является гарантом стабильности, межконфессионального и межнационального согласия.

В Конституции определены главные принципы, на которых строится наше общество - согласие, стабильность, развитие всех языков и культур, стремление к экономическому прогрессу. Это делает Конституцию важнейшим фактором политической стабильности, гарантом гражданского мира, социального и национального согласия.

Прежде всего, Конституция устанавливает основания и пределы ограничения прав и свобод человека и гражданина: только законами и лишь в той мере, в какой это необходимо для защиты конституционного строя; охраны общественного порядка; прав и свобод человека; здоровья и нравственности населения.

В пункте 3 статьи 39 Конституции однозначно определены права и свободы, которые не могут быть ограничены «ни в каких случаях», кроме как оговоренных самим Основным Законом. Согласно Основному Закону каждый в Казахстане имеет право на неприкосновенность частной жизни, личную и семейную тайну, на защиту своей чести и достоинства.

Конституция в пункте 1 статьи 1 признает человека, его жизнь, права и свободы высшей ценностью. Вместе с тем права человека – это не личные права только одного, а права каждого, непременно вызывающие обязанности уважать другого индивида как самого себя и относиться к нему как к равному себе в правах человека. Злоупотребление правом кем бы то ни было в обществе, признающем ценности конституционализма, несомненно с идеей правового государства.

Подводя итоги, хочу поздравить всех с Днем Конституции Республики Казахстан! Следует быть благодарным, что в любом государстве Конституция является важнейшим юридическим, политическим и идеологическим документом. В то же время Конституция не является только констатацией, она является программным документом, который ставит стратегические задачи перед обществом и государством, задает направление дальнейшего развития во всех сферах жизнедеятельности общества и человека.

**Попченко Светлана Борисовна,**  
депутат городского маслихата,  
член областной информационной  
группы





**ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА**

**К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА**

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БОС ОРНЫНА КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ**

**СООБЩЕНИЕ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБ ИЗБРАНИИ ЧЛЕНОВ КОМИССИИ НА ВАКАНТНЫЕ МЕСТА ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ КОМИССИЙ**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі - Сайлау туралы Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес Қарағанды облысының Приозерск қалалық мәслихаты аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының бос орнына комиссия мүшелерін сайлау туралы хабарлайды.

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) маслихат города Приозерск Карагандинской области сообщает об избрании членов комиссии на вакантные места территориальной и участковых избирательных комиссий.

Аумақтық сайлау комиссиялары жеті мүшеден тұратын құрамда құрылады. Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамын учаскелердегі сайлаушылардың санына қарай қаланың аумақтық сайлау комиссиясы айқындайды.

Территориальные избирательные комиссии образуются в составе семи членов.

Количественный состав участковых избирательных комиссий определен территориальной избирательной комиссией города в зависимости от количества избирателей на участках.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды. Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы.

Срок полномочий избирательных комиссий составляет пять лет.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшелері болып табылмайтын кандидатураларды ұсынуға құқылы.

Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихаты избирают избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және қалыптастырылушы комиссияларға қатысты жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2020 жылғы 28 тамыздан бастап 12 қыркүйекке дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемым, избирательные комиссии с 28 августа до 12 сентября 2020 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) белгіленген нысан бойынша сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы электрондық және қағаз форматтағы мәліметтер;
- 2) тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттарды ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) шешімі, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімінен үзінді көшірме;
- 3) саяси партияны, қоғамдық бірлестікті немесе олардың филиалдарын (өкілдіктерін) тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттардың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісім беру туралы белгіленген нысан бойынша өтініштері.

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Сайлау комиссияларының құрамына кандидатуралар туралы мәліметтердің нысандары, сайлау комиссияларының жұмысына қатысуға келісімі туралы кандидаттардың өтініштері мәслихат сайтында орналастырылған.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте маслихата.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылатын адам Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруға тиіс.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі сол ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағайындары мен апа-сінділері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Мәслихатқа қағаз форматта ұсынылатын барлық құжаттарға қол қойылуы, мөр басылуы және орындалған күні, орындаушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2020 жылғы 12 қыркүйекке дейін дүйсенбі - жұма күндері 08:30-18:00 сағат аралығында жүргізіледі, үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ге дейін.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется до 12 сентября 2020 года с понедельника по пятницу с 08:30 до 18:00 часов, перерыв с 13:00 до 14:30 часов.

**Приозерск қалалық мәслихаты**

**Приозерский городской маслихат**

Сәрсембеков Бекзат Мұқсінұлы - қалалық мәслихаттың хатшысы.

Сарсембеков Бекзат Муксирович – секретарь городского маслихата.

Мәслихаттың орналасқан жері: Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5 үй.

Местонахождение маслихата: город Приозерск, ул. Балхашская, 5.

Жауапты адам - Шұға Бексейтқызы Мақышева - қалалық мәслихат аппаратының басшысы, қалааралық телефон коды (871039), жұмыс тел. 5-44-21, факс нөмірлері 5-22-26, 2 қабат.

Ответственное лицо – Макишева Шуга Бексейтовна - руководитель аппарата городского маслихата, междугородний телефонный код (8 71039), сл. тел. 5-44-21, телефон факса 5-22-26, 2 этаж.

Қалалық мәслихат қалалық сайлау комиссиясының және учаскелік сайлау комиссияларының бос орнына комиссия мүшелерін сайлайды:

Городской маслихат избирает членов комиссии на вакантные места городской избирательной комиссии и участковых избирательных комиссий:

№ р/б	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау комиссиясы мүшелерінің саны
1	2	3	4
<b>Қалалық сайлау комиссиясы</b>			
1		Приозерск қ, Пушкин көшесі, 7 үй, «Приозерск қаласы әкімінің аппараты» ММ ғимараты	2
<b>Учаскелік сайлау комиссиялары - 4</b>			
1	№ 257	Приозерск қ, Транспортная көшесі, 17 үй, «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КММ	1
2	№ 258	Приозерск қ, Достық көшесі, 20 үй, «№2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	2
3	№ 259	Приозерск қ, Кисунько көшесі, 11«а» үй, «№1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ	1
4	№ 260	Приозерск қ, Космонавтов көшесі, 2 үй, «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК	1

№ п/п	Номер избирательного участка	Местонахождение избирательной комиссии	Количество членов избирательной комиссии
1	2	3	4
<b>Городская избирательная комиссия</b>			
1		г.Приозерск, ул. Пушкина, дом 7, здание ГУ «Аппарат акима города Приозерск»	2
<b>Участковые избирательные комиссии – 4</b>			
1	№ 257	г. Приозерск, ул. Транспортная, дом 17, КПП «Центральная больница города Приозерск»	1
2	№ 258	г. Приозерск, ул. Достық, дом 20, КГУ «Средняя общеобразовательная школа №2»	2
3	№ 259	г. Приозерск, ул. Кисунько, дом 11 «а», КГУ «Средняя общеобразовательная школа №1»	1
4	№ 260	г. Приозерск, ул. Космонавтов, дом 2, ККП «Центр детско-юношеского творчества «Достық»	1



## АБАЙ СӨЗДЕРІ – АСЫЛ!



Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың шығармашылығы - даналықтың, рухани жаңғырудың негізгі көзі. Абай Құнанбайұлы (1845 - 1904) жылы бүгінгі

Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыс тауы баурайында дүниеге келген. Ол қазақтың әдебиетінде қайталанбас дана, ұлы ойшыл, философ, ақын. Абай атамыздың шығармашылыққа балалық кезінен әжесі Зере баулыған. Абай санасына қатысты бар шақты қасиеттер мен ақындыққа деген ұмтылыс сезімі әжесі мен анасының әсерінен сінген. Абай ағамыз ауылдық молдадан білім алып, сауат ашып, кейіннен Семейге білімін шыңдауға барған. Медресе оқуында жүрген уақытында Шығыс поэзиясына қызықтанып, Шығыстың ақындары секілді өлеңдер жазуға талпынады. Сексенінші жылдар орталығында Абай ақындық жолына бағыт бұрады. Ол өз өлең және шығармаларын үзіліссіз жазуға тырысты. 1885-жылы «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» - деп атаған тұңғыш шығармасын жазды. Осы өлеңі Абай бабаның тұңғыш шығармасы болып, ақындық жолдағы ізденісін танытты. Ақынның шығармалары рухани-адамгершілік қасиеттерге толы, адамның бойындағы тумысынан берілген құндылықтарды насихаттау мақсатында жазылған. Халықты білімге, ілімге, адамгершілікке шақырған. Ақынның қайратты қара-сөздері оның сөз өнеріне деген талантының көркемдік күшін, даналығын көрсеткен прозалық шығармалар болып табылады. Жалпы қара сөздерінің саны 45 бөлектен тұрады. Ақынның әр шығармасы тұнған даналық, адамға ой салатын насихат десем артық айтпағандық білемін. Ақын тек өз шығармашылығында насихаттаған адамгершілік бейнені, нағыз білімді, шынайылықты ойымен ғана емес, сөзімен, ісімен жалғастырған адам. Абай ағамыз шығармаларын өз жүрегімен сезініп, тұла бойынан өткізіп, риясыздықпен халқына жолдаған, біртуар, ұлы тұлға.

Ақын тек адамгершілік бейнені, ізгілікті ғана емес, табиғатты, болмысты, өмір шындығын, ақыл-парасатты, адамның мүмкіндіктерін, барлық тіршілікке қатысты дүниені бір-бірімен ұштастырып бейнелеген. Абай аудармашылықпен де айналысып, халқымызға шет елдердің көп шығараларын ұсынған ақын. Жалпы қазақ халқы үшін жасаған ісі зор.

Әжесі Құнанбай Абайды жайдақ сумен теңеген. Оның себебі Абай атамыздың қарапайымдылығы еді. Ол қатарластарының арасында сауатты, ауқатты болса да қарапайым халыққа қызмет етуді мақсат еткен біртуар тұлға. Абай – ұлы ақын, дана ойшыл,

қазақтың жаңа тарихи дәуірдегі реалистік жазба әдебиетінің атасы. Баба есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркендетілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің сим-вопы. Ғасырлар бойы қалыптасқан эконо-микалық жағдай, тұрмыс салты үлкен өзгеріске түсіп жатқан аумалы-төкпелі заманда қоғам көшінің ендігі бағытын айқындау, қалайда елдің елдігін, тұтастығын, халықтың ұлттық рухының тазалығын сақтай отырып, жаңа жағдайға бейімделу – бұлар дәуірдің, әлеуметтік өмірдің өзі туғызған тарихи қажеттілік болды. Осы қажеттілік бүкіл қоғамдық ой-санаға, әдебиет пен өнерге жаңа серпін берді. Нағыз халықтық, реалистік принциптерге негізделген жаңа жазба қазақ әдебиеті, Абай шығармалары осы қоғамдық сұранысқа толық жауап берді. Ақын шығармаларын оқи отырып, біз оның адам жаны мен уақыт талабын жете түсінген дарын иесі болғандығына көз жеткіземіз.

Мен ақынның өмірімен, шығармашылығымен таныса отырып, ойыма, санама талай сауал жиылды. Сол кездегі қиын заманның өзінде Абай ағамыз білім алып, жарыққа ұмтылып, сол игілігін халқына беруге талпынған. Ал, біздің бүгінгі таңда бар мүмкіндіктеріміз жасалған. «Сол мүмкіндіктерді пайдаланып, неге биік мақсаттарға ұмтылмасқа?» – деген сауал еріксіз санаңа ұялайды. Абай дана ақылды жүрек-ке бағындыр деп бекерге айтпаған деп ойлаймын. «Адамзаттың барын сүй бауырым деп» - деген сөзінің өзі алған білімімізді ізгілікке бағыттау қажет екенін айтып тұр.

Қазақ халқы: «Ізденген жетер мұратқа» - деп бекер айтпаған ғой. Мен Абай ағамыздың кеше, бүгін, ертең болатынына нық сенімдімін. Абай абыздай биік, бетке ұстап мақтан ететін жандар көп болсын. Еліміздің мәртебесі биік болсын деп тілеймін. Ата-бабамыздан қалған асыл мұра – бізге аманат. Қазақ халқы ешқашан аманатқа қиянат жасамаған халық. Бүгінгі жетіліп-өсіп келе жатқан жас буын өкілдерін жарқын болашаққа шақырамын. Ұлы ағамыздың 175 жылдық мерейтойы барысында өтетін іс-шараларға белсене қатысып, ағамызға деген сый-құрметтерінді көрсету Сіздерге де парыз, жас өрен. Абайдай ұлы тұлғаны танымайтын кішкентай бөбектерге де баба туралы айтып отырындар. Абай сияқты аталары бар мына сіздердей өскелең ұрпаққа артылған жауапкершілік жүгі үлкен. Сол мақсаттарыңды адамгершілікпен, бізге жігермен, бабабаға деген ізет-құрметпен орындап, болашаққа болған асыл мұраны, мақсат-мұраттарыңды құрметтей отыра қадам басандар, жетер шындырың асқақ болмақ.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

## Сағыныш


Тағылы Табия атты тауым бар,  
Сіркіреп тұрар жауыны бар.  
Мекендеген сол жерді,  
«Гүлденсін» деген ауылым бар.

Таулары Табияның тізбектелген,  
Төрінде елік, арқар секектелген.  
Қолтығы мен қойнауы, сай-саласы,  
Терек, тал, қайыңменен өрнектелген.

Табия, ұзын ағаш шабындығы,  
Үзеңгібой шөбінің қалыңдығы.  
Жеріне көктемінде көрік берген,  
Ал қызыл алуан түсті қызғалдағы.

Тауында тағы бүркіт қалықтаған,  
Ішінен қоян, түлкі арылмаған.  
Жерінің біразырақ қазынасын,  
Еңбекші халқым менің қалқып алған.

Аударып қыртыстарын қара жердің,  
Себелеп алтын дәнді өсірді егін.  
Отанға мыңдаған тонн астық беріп,  
Өсірген талай ерді туган елім.



Сағынын еске аламын соның бәрін,  
Үлкені мен кішісі, жас пен кәрің,  
Табиғат айналайын құдіретің,  
Келтірген 80 жасқа сенің дәрің.

Төкен Көдеков

## КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫНДА

Өткен сейсенбі, яғни тамыз айының 25-жұлдызы күні Приозерск қаласы әкімінің орынбасары, «Мүгедектер істері жөніндегі қалалық Кеңестің төрағасы Б.Ә.Қазиеваның төрағалығымен Кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Аталған отырысқа Кеңес мүшелері, Спорт және денешынықтыру бөлімінің басшысы Н.Стамқұл, «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы С.Ж.Бейсекеев, «Жұмыспен қамту» бөлімінің басшысы Р.Ахметова, «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заң кеңесшісі Д.Бижанова, Приозерск қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Қармысова, баспасөз өкілі, әрі осынау Кеңестің мүшесі Н.К.Қарабековтер қатысты.

Күн тәртібінде қаралған I, II топтағы мүгедектерді тұрғын-үймен қамтамасыз ету туралы «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заң кеңесшісі Д. Бижанова есеп берді. Екінші кезекте қарастырылған «Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қатысуымен спорттық іс-шаралар өткізу туралы» мәселе бойынша Спорт және денешынықтыру бөлімінің басшысы Н.Стамқұл баяндады. Кеңесте

қаралған мәселелер төңірегінде қатысушылар тарапынан баяндамашыларға сауалдар қойылып, оған тиісті жауаптар қайтарылды.

Қаралған мәселеден өзге «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы С.Ж.Бейсекеев мүгедектерге жасалынып жатқан қамқорлық пен көмек жайында сөз қозғады. Күн тәртібінен басқа да халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуды, медициналық көмек көрсетуді нығайту, оларға мемлекеттік мекемелерден өзге



кәсіпкерлер тарапынан да жәрдем беріліп жатқандығы, сондай-ақ әлемге қауіп төндіріп отырған жұқпалы дерттің алдын алу, одан сақтану, қаланың санитарлық-тазалығына бүкіл тұрғындар болып мән беру туралы да өзекті мәселелер ортаға салынды. Кеңесте қаралған мәселелер бойынша арнайы қаулы қабылданды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Семинар-тренинг

## ЖАҢА ҒАСЫР, ЖАҢА ҮРДІС, ЖАҢА ӘЛІПБИ

2020 жылғы 25 тамызда Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде "Жаңа ғасыр, жаңа үрдіс, жаңа әліпби" тақырыбында онлайн семинар-тренинг өткізілді.


Тренингтің мақсаты латын әліпбиін қоғамға насихаттау, ересектерге латын әліпбиін үйрету, тренингтің көмегімен жаңа әліпби бойынша жазу, оқу дағдысын қалыптастыру.

Семинар барысында «Латын әліпбиі-жетілдіру жұмыстары тақырыбында Е.Букетов атындағы мемлекеттік университетінің қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Мархаба Тұрсынова, Қазақ жазуындағы латын әліпбиінің көрінісі туралы Жұпар Жақанова және Жаңа қазақ әліпбиін тиімді менгеру жолдары туралы әлеуметтік

сыныпты Динара Қуанбаева айтып түсіндіріп өтті.

Семинарды Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы жүргізді. Аталған семинар тренингке қаладағы барлық мемлекеттік мекемелердің және кәсіпорындардың қызметкерлері қатысып, барлығы 40 адам қамтылды.

«Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»ММ



## ХАБАРЛАНДЫРУ \* ОБЪЯВЛЕНИЯ

НЕДВИЖИМОСТЬ  
ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

## НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Нурмановой Насып Галымовны, умершей 14 июля 2020 года.

Имеющим наследником обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 35/679. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел.: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.